

**Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің "Атырау аудандық пайдалану бөлімі"
" мемлекеттік мекемесін құру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 14 қарашадағы N 1125 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 10 наурыздағы N 298-11к қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Арнайы әскерлеріне арналған штат санының лимиті шегінде 19 бірлік штат саны бар Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің "Атырау аудандық пайдалану бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - мемлекеттік мекеме) құрылсын.

2. Мемлекеттік мекемені қаржыландыру Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне республикалық бюджетте көзделген қаражат есебінен және шегінде жүзеге асырылады деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) мемлекеттік мекеменің жарғысын бекітсін және әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

4. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 27.06.2014 № 707 қаулысымен.**

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі